



Банк үстінен бақылау жасау және жүзеге асыру құқығын иелену шарттары туралы ереже жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1996 жылғы 28 наурыздағы N 80. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда N 435 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 25 маусымдағы N 255 қаулысымен. ~V011611

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі" Z952444_ туралы заң күші бар Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, банк үстінен бақылау жасау және жүзеге асыру құқығын иелену шарттары туралы ереже бекітілсін және ол 1996 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Б.К. Жауғаштина) банк үстінен

бақылау жасау және жүзеге асыру құқығын иелену шарттары туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау банктік қадағалау департаментіне (Б.К. Жауғаштина) жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
1996 жылғы 28 наурыздағы
N 80 Қаулысымен
Бекітілген

Банкке бақылау жасау құқығын иелену және
оны жүзеге асыру шарттары туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының (бұдан әрі - Жарлық) негізінде жасалды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) екінші деңгейдегі банкке бақылау жасау құқығына иеленуге рұқсат беру тәртібін, мұндай рұқсат беруден бас тарту немесе қайтарып алу негізін, сондай-ақ банкке бақылау жасауды жүзеге асыру шарттарын белгілейді.

1. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Акциялардың бақылау пакетін иеленуші тұлға заңды немесе жеке тұлға болып табылады, ол банк акцияларын тікелей немесе жанама түрде иеленеді, 25 проценттен астамына дауыс беру құқымен өкімдік жүргізеді және/немесе б а с қ а р а д ы .

2. Егер банк акцияларына өкімдік жүргізуші және/немесе басқарушы тұлға заңды тұлғаның банк акцияларының меншігіндегі акцияларының меншік құқына ие болса, онымен қоса басқа заңды тұлғалар арқылы жанама иеленсе, мұндай тұлға жанама иеленуші болып саналады.

3. Егер жеке тұлға басшы қызметкер, ірі акционер немесе осы заңды тұлғаның өкілі болса және бұлар банк акцияларының иесі болса, заңды және жеке тұлға банк акцияларын бірлесіп басқарушы болып саналады.

4. Заңды тұлға банктің басшы қызметкеріне, ірі акционеріне/қатысушысына немесе осындай заңды тұлға өкіліне қатысты акцияларын басқарушы болып саналады, мұндай жағдайда заңды тұлға осындай жеке тұлғаға банк акцияларын сатып алуға кредит берсе, кепілге өз активтерін береді немесе осындай жеке тұлғаның банк акцияларын сатып алуын қаржыландыруына ықпалын тигізеді.

5. Егер екі немесе одан да көп жеке тұлғалар банк акцияларын иеленуші б о л ы п т а б ы л с а , ж ә н е :

а) сонымен бір уақытта бұл банк болып саналмайтын сол заңды тұлғаның басшы қызметкерлері, ірі акционерлері немесе өкілдері болып табылса;

б) осындай тұлғалардың бірі банк акцияларын сатып алуға займ берсе немесе осы тұлғаның банк акцияларын сатып алуын қаржыландыруға ықпал етсе;

в) олар жақын туыстар болса, олар банк акцияларын бірлесіп басқарушы б о л ы п с а н а л а д ы .

6. Егер екі немесе одан да көп заңды тұлғалар банк акцияларын иеленуші болып табылса және оның бірі екіншісінен гөрі ірі қатысушы болып саналса, олар банк акцияларын бірлесіп басқарушы болып саналады.

2. Банкке бақылау жасау құқығын иеленуге рұқсат беру туралы өтініш беру тәртібі

7. Тек мынадай жағдайларда:

а) мемлекетаралық немесе еншілес банктің мемлекеттік акцияларын иеленгенде;

б) акционердің өкілінің дауыс беру құқымен банк түсімін капиталдандыру кезінде қосымша акциялар алғанда;

в) шет ел банкінің акцияларын сатып алғанда болмаса, Ұлттық Банктің тиісті рұқсатынсыз бірде бір тұлға банкке бақылау жасау құқын иеленуге немесе оны жүзеге асыруға құқы жоқ.

Банктің акцияларын ашық әдіспен орналастыру кезінде банктің үстінен бақылау жасау құқына ие болған оның акционері Ұлттық Банкке акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен бірге қажетті құжаттарды беруге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен. V970064_

8. Заңды немесе жеке тұлға Ұлттық Банкке банкке бақылау жасау құқын иеленуге рұқсат беру туралы өтініш беруге құқы бар. Өтініште банкке бақылау жасау құқығын алуға тиісті барлық кандидаттардың жүрген (тұрған) жерлері туралы ақпарат болуға және олардың әрқайсысы қол қоюға тиісті (заңды тұлғалар үшін - басшы қол қойып, ұйымның мөрімен расталады).

Өтініш еркін нысанда жазылады және мына құжаттармен қоса беріледі:

а) бақылау құқы иеленуге берілетін банк акционерлерінің мұндай иеленуге келісімі туралы жалпы жиналысының шешімінің көшірмесі;

б) өтініш беруші туралы мәліметтер бар құжаттар:

жеке тұлға туралы - өтініш беруші жөнінде қысқаша мәліметтер, оған қоса білімі туралы мәліметтер, еңбек қызметі және жұмыс тәжірибесі туралы, сондай-ақ сотталмағандығы (Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен (1996 жылғы 29 ақпандағы N 50 қаулы) Банктерді құруға, қайта құруға рұқсатты, банк операцияларын және басқа банк қызметін жүргізуге лицензияны тапсырудың қайтарып алудың, олардың күшін жоюдың және тоқтатудың, банктің филиалдарын ашуға, қосуға және өкілдіктерін ашуға келісім берудің, оны қайтарып алудың ережелеріне N 5-қосымшаның нысаны бойынша, ұсыныс берушілер туралы деректерден басқасы) туралы деректер;

заңды тұлға туралы:

құрылтайшылық құжаттар;

құрылтайшылық құжаттар немесе өтініш берушінің әрбір ірі акционері/ қатысушысы туралы қысқаша деректер және оған тиесілі акциялар процентінің

к ө л е м і ;

өтініш берушінің әрбір басшысы туралы қысқаша мәліметтер;

в) өтініш берушінің өтініш берген кезіне дейінгі үш жыл ішінде мемлекеттік басқару органдарының, соттың өтініш берушіге салған санкциялары туралы мәліметтер. Мұндай фактілер болған жағдайда, тиісті органдардың шешімінің көшірмесі өтінішке қоса беріледі;

г) аяқталған соңғы үш қаржы жылының не заңды тұлға құрылған сәттен бастап әрбір аяқталған кезеңнің бухгалтерлік баланстары, мұндай жағдайда бұл мерзім үш жылдан кем болмауы керек, сондай-ақ оны бақылау құқын иеленуге рұқсат беру туралы шешім қабылдау алдындағы соңғы тоқсанның аяғында аудиторлық ұйым куәландыруы керек.

д) құқықты иелену шарттары және тәртібі туралы мәліметтер, оған қоса:

1) құқықты иеленуге пайдаланылатын қаражаттың пайда болу көздерін сипаттау және қаражаттың сомасын көрсету, оған қоса растайтын құжаттардың көшірмесін беру ;

2) өтініш берушінің мүддесін көздеу тапсырылған өтініш берушінің өкілі туралы мәліметтер ;

е) банктің бақылау құқығын иеленгеннен кейінгі болуы мүмкін есеп айырысу балансымен қоса, бақылау құқын иелену салдарының қаржылық болжамы; банк активтерін сату, оның басқа заңды тұлғамен бірігуі бойынша құқық иеленушіде болуы мүмкін жоспарлар мен ұсыныстар немесе оның қызметіне не басқару құрылымына елеулі өзгерістер енгізу (оған қоса, егер қолдануға болатын болса, нақты бизнес жоспары және ұйымдастырылу құрылымы).

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

9. Ұлттық Банк өтінішті қарауға қажетті кез келген қосымша ақпаратты сұратуға құқылы .

10. Қазақстан Республикасының резидент емес банкі Қазақстан Республикасының резидент банкіне бақылау жасау құқына ие болуы үшін осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттарды өтінішке қоса беруге міндетті:

а) өтініш беруші банктің жоғарғы басқару органының резидент банктің акцияларын иелену туралы шешімі;

б) тиісті мемлекеттік тиісті қадағалау органының өтініш берушінің банк қызметін жүзеге асыруға уәкілетті екендігі және бірлескен негізде қадағаланатыны туралы жазбаша растауы, сондай-ақ оның өтініш берушіге Қазақстан Республикасының резидент банкінің жарғылық капиталына қатысуына рұқсат беретіні жөнінде жазбаша хабарлауы не өтініш берушінің мемлекетінің заңдары бойынша мұндай рұқсат берудің қажет еместігі жөнінде хабарлауы;

в) өтініш берушінің аудитор немесе аудиторлық ұйым куәландырған соңғы үш қаржылық (операциялық) жылдың тиісті түрде ресімделген жылдық есебі (оған қоса біріктірілген балансы және пайдасы мен шығыны туралы).

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен.

11. Өтініш беруші бақылау құқын иеленуге рұқсат беру туралы өзінің берген өтінішін оны қарау уақыты ішіндегі кез келген сәтте қайтарып алуына құқы бар.

3. Ұлттық Банктің өтінішті қарау тәртібі

12. Банкке бақылау жасау құқын иелену туралы өтінішті қарау мерзімі өтініш берушінің өтінішін қанағаттандыру немесе орындамау туралы шешім қабылдау үшін қажетті соңғы құжатты бергеннен кейін 60 күн болады.

13. Ұлттық Банк сұратқан қосымша құжаттар Ұлттық Банктің сұратуын алған соң 30 күннің ішінде берілуі тиіс.

14. Ұлттық Банк бақылау жасау құқын иеленуге рұқсат берген жағдайда банкке бақылау жасаушы тұлға банк депозиторларына, клиенттерге, корреспонденттер мен займшыларға олардың банкке бақылау жасау құқына ие болғандығы туралы екі аптаның ішінде әрқайсысына дербес жазбаша хабарлауға немесе тиісті хабарды кем дегенде екі республикалық газетке жариялауға м і н д е т т і .

Бақылауға ие болуға берілген рұқсатта мынадай мәліметтер міндетті түрде б о л у ғ а т и і с т і :

- банкке бақылау жасау деген рұқсатты Ұлттық Банктің берген күні;
- бақылау жасалатын банктің тұрған жері мен атауы;
- банкке бақылау жасау құнын алған адамның аты-жөні, азаматтығы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;
- банкке бақылау жасау құқын алған заңды тұлғаның толық атауы, мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің деректері, тұрған жері).

Егер банктің акцияларын жанама түрде иеленетін, жұмсайтын және/немесе басқаратындар екі және одан көп адам болған жағдайда осы аталған тұлғаларға бақылау жасауға берілген рұқсатта, сондай-ақ банкке бақылау жасау құқын алғандардың әрқайсысы туралы, олардың банктің жарғылық капиталындағы жеке және жалпы үлесін қоса алғандағы мәліметтер болуға тиісті.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05.N 413 қаулысымен.

15. Кез келген мүдделі адам банкке бақылау жасау құқын иеленуге берілген өтінішті Ұлттық Банктің қабылдамайтынына сенімді болса, негіздемесін көрсете

отырып Ұлттық Банкке өтініш хат беруге құқылы.

4. Рұқсат беруден бас тарту негіздері

16. Ұлттық Банк банкке бақылау жасау құқығын иеленуге рұқсат беруден мынадай негіздер бойынша бас тартуға құқылы:

а) егер өтініш берушінің қаржылық жағдайы тұрақсыз болса, не өтініш беруші консервация тәртібі белгіленген банктің ірі қатысушысы болып саналса (б о л ғ а н б о л с а) ;

б) өтініш берушінің не басшы қызметкерлердің Жарлықтың 20-бабының 3-5-тармақтарында белгіленген талаптарға сай келмесе немесе консервация тәртібі белгіленген банктің басшы қызметкердің лауазымында отырған адам;

в) құқық иелену пруденциалдық нормативтерді және басқа орындалуға міндетті нормаларды немесе лимиттерді бұзуға әкеліп соғатын болса;

г) банкке бақылау жасау құқығын иелену монополияға қарсы қолданылатын заң талаптарын бұзуға әкеліп соғатын болса;

д) өтініш беруші күмәнді немесе осы Ережеде белгіленген талаптарға сай келмейтін ақпарат берсе немесе Ұлттық Банктің өтініші бойынша шешім қабылдауы үшін сұратқан ақпаратты беруден бас тартса;

е) қандай да бір өтінішке, өтініш хатқа немесе басқа да құжаттарға байланысты Ұлттық Банкке әдейі жалған немесе шатастыруға әкеп соғатын а қ п а р а т б е р с е .

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

17. Мынадай негіздердің бірі болса Ұлттық Банк кез келген өтініш

берушінің қаржы жағдайын тұрақсыз деп санауға құқы бар:

а) сот оны өтініш берілген күннен бұрын 5 жыл бойы банкрот деп тапқанда;

б) өтініш берушінің соңғы есеп беру күніндегі жағдай бойынша міндеттемелері оның активтерінен артып кеткенде;

в) өтініш берушінің міндеттемесінің жалпы мөлшері банктің тұрақтылығына елеулі тәуекел туғызғанда;

г) өтініш берушінің банктің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілетсіз болғанда;

д) мұндай құқықты иелену нәтижесінде банкке және/немесе оның депозиторларына залал келтіруі мүмкін жағдайларды дәлелдейтін өзге

де негіздер бойынша.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен.

18. Егер Ұлттық Банк банкке бақылау жасау құқын иеленуге рұқсат беруден бас тартқан жағдайда, Ұлттық Банк мұндай шешім қабылданғаннан кейін он күннің ішінде өтініш берушіге өзінің бас тартуы жөнінде жазбаша хабарлауға міндетті. Хабарда бас тарту себебі көрсетілуі керек.

5. Банкке бақылау жасайтын тұлғаға қойылатын талаптар

5.1. Банк капиталының көлемін ұстап тұру

19. Ұлттық Банктен банкке бақылау жасау құқын алған тұлға банктің өз капиталының көлемін банктің өз капиталының жеткіліктілігіне қарай Ұлттық Банктің нормативтік актілерінің талаптарында белгіленген деңгейден төмен ұстамауға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен.

20. Ұлттық Банк банкке бақылау жасау құқын иеленуге рұқсат бергеннен кейін бес жылдан соң, банкке бақылау жасаушы тұлға оны осы Ереженің 19, 20-тармақтарында қарастырылған міндеттерден босатуы туралы Ұлттық Банкке өтініш беруге құқылы.

Егер банк өткен бес жыл ішінде пруденциалдық нормативтерді және басқа да Ұлттық Банк белгілеген орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді бұзбаса, Ұлттық Банк осы тұлғаны банктің өз капиталының көлемін ұстап тұру бойынша талаптарды орындаудан босатуға құқы бар.

5.2. Банк пен оған бақылау жасайтын тұлғаның арасындағы мәмілелерді шектеу

21. Банк оны бақылаушы тұлғаға Жарлықтың 40-бабында көзделген жеңілдік жағдайларын жасауға құқы жоқ.

22. Банктің өз осындай банкті бақылаушы барлық тұлғаларға берген кредиттерінің жалпы көлемінің жиынтығы банк капиталының 25 процентінен артпауы керек.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

23. Банк өзін бақылаушы тұлғаға кредит бергенде банктің байқаушы кеңесімен алдын ала келісуі тиіс.

Банктің байқаушы кеңесінің мүшесінің ешқайсысы, ол әрі осы бақылаушы банктің басшы қызметкері немесе заңды тұлғаның байқаушы кеңесінің мүшесі болса, осы тұлғаға берілетін кредит бойынша талқылауға немесе дауыс беруге қатысуға құқы жоқ.

5.3. Есеп беру

24. Банкті бақылаушы тұлға Ұлттық Банкке ол бақылаушы тұлға болып саналатын жылда келесі әрбір қаржы жылы жабылған соң 45 күннің ішінде жыл сайынғы қаржылық есепті (пайда мен шығын туралы баланс пен есеп) беруі тиіс.

25. Банк Ұлттық Банкке беретін өзінің тоқсан сайынғы қаржылық есебіне соңғы есеп беру кезеңі ішінде өзіне бақылау жасаушы тұлғаға берілген кредиттер туралы есепті де енгізуге міндетті.

6. Рұқсатты қайтарып алу негіздері

26. Ұлттық Банк:

а) банк немесе оған бақылау жасайтын тұлға осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда;

б) берілген мұндай рұқсаттың негізінде күмәнді мәліметтер табылғанда

банкке бақылау жасау құқығын иелену рұқсатын қайтарып алуға құқылы.

27. Ұлттық Банк өзіне банкке бақылау жасау құқын иеленуге берген рұқсатын қайтарып алу туралы шешімін бақылаушы банкке немесе тиісті банкке осындай шешім шығарған күннен бастап 10 күннің ішінде хабарлайды.

28. Банкке бақылау жасау құқын иеленуге берген рұқсаты қайтарылып алынған тұлға Ұлттық Банктің рұқсатты қайтарып алу туралы хабарламасын алғаннан кейін бір айдың ішінде онымен ерекше қатынастағы тұлға болып саналмайтын тұлғаларға банктің жарғы капиталының 25 процентінен асатын өз үлесін заңда белгіленген тәртіппен өткізу шараларын қабылдауға міндетті.

7. Қорытынды ережелер

29. Банкке бақылау жасау құқы бар акционерлерден өз акцияларын сатып алуға банктің құқы жоқ.

30. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 7-бөліммен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

Төраға